Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт

8 сәуір сейсенбі
№25 (2138)
2025 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

78 жастағы студент немесе «Болашақ» өзін ақтады ма?

Ел тәуелсіздігін алып, етек жеңімізді жинап ел болу қамына кіріскен шақта кәсіптің әр саласында білімді мамандар тапшылығы сезіле бастаған еді. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында елімізде 1993 жылы «Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалды. Жастарды қолдауға арналған бұл бағдарлама Сингапурдың білім жүйесіндегі жаңашылдықтарды негізге алған. Кеңес Одағы ыдырап тәуелсіздік алған жылдары қаражат жеткілікті болмаса да мұндай шешім қабылдау жастарға жасалған қамқорлық еді. Шетелде білім алған жастар ел экономикасының дамуына үлес қосады деген үлкен сенім тұрған еді. Үміт ақталды ма? Соңғы уақытта болашақ бағдарламасында қандай өзгерістер бар?

Экономикалық өсудің басты қағидасы адам капиталына инвестиция құю екенін дамыған елдер сол кезден түсінгендей. Жастарды шетелде оқыту тәжірибесі әлемнің бірқатар елдерінде бар үрдіс. Мәселен, Сингапурда бұл бағдарлама «Президенттік» деп аталып, үміткерлер қатаң іріктеуден өтеді. Тестілеуден өткен жастар Қытай, Франция, АҚШ сынды елдерді таңдайтын көрінеді. Сондай-ақ мұндай бағдарлама Ұлыбритания, Малайзия, Франция, Ресейде бар. Көрші елде бұл бағдарлама «Ресей Федерациясының Президентінің шәкіртақысы» деп аталады.

Деректерге сәйкес, «Болашақ» бағдарламасы бағдарламасы іске қосылғаннан бері 15 мыңға жуық стипендия тағайындалған екен. Ал 2025 жылға 645 шәкіртақы бекітілген. Оның ішінде магистратура бойынша – 411 стипендия, докторантура – 41, тағылымдамалар бойынша – 193. Дегенмен бұл турасында мәселе де жоқ емес. 2025 жылдың наурыз айындағы деректерде бағдарлама талаптарын 1,9 пайыз азамат орындамаған. Зерттеулер бойынша бағдарлама келісімшартын бұзуға түрлі жағдайлар себеп болған. Атап айтқанда, отбасылық жағдай, денсаулық мәселесі, оқуын аяқтамау, еңбек өтеу міндеттемелерін толық орындамау, Қазақстанға оралмау сияқты себептер анықталған. Олар оқуына мемлекет жұмсаған шығынды өтеу үшін елге келіп қызмет етуі қажет еді. Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ басқарма төрағасы Әділ Құсмановтың айтуынша, 10 мыңнан астам маман бағдарлама талаптарын орындап, ел игілігі үшін қызмет етуде.

2-БЕТТЕ

ПРЕЗИДЕНТ ПӘРМЕНІ

700 млрд теңге немесе шаруаны қолдау

«Аталықтың» коллажы

Өзіміз өнім өндірмей, өрісіміз кеңеймейтіні анық. Бағаны тізгіндеудің негізгі тетігі де осы. Ел экономикасының әлеуетін көтерер ауыл шаруашылығы саласына қолдау қашанда маңызды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтай отырысында алдағы бес жылда ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы өндірісін екі есе арттыру қажеттігін атап айтқан еді. Осыған орай кеше Үкімет басшысы Олжас Бектенов тиісті сала өкілдерімен бірге Президент тапсырмасын орындау жайын талқылады. Премьер-министрдің отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен кездесуінде агроөнеркәсіп кешенін дамытудың өзекті мәселелері, көктемгі дала жұмыстарының барысы, шаруаларды қолдау шаралары, сондай-ақ қосымша пысықтауды қажет ететін өзара іс-қимыл бағыттары талқыланды.

2-БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

АЯҚСУ КЕЛДІ

Көктем бастала сала тіршілікке жан бітіп, ағаштар бүршік ата бастады. Жердің ызасы қайтып, күн ыси бастағаннан жасыл-желек атаулығы тіршілік нәрі – су керек. Бүгінде қала орталығындағы арықтар мен каналдарға су барып, жан-жағы жайқала бастады.

Арнайы тазарту жұмыстары жүргізілген Жібек жолы, Сарқырама, Табиғат және қалалық каналдар қайтадан арнасына су алып, тіршілік нәріне қанып ішуде. Осы күні сарқырап аққан Сырдариядан және ірі каналдар арқылы 19 сорғы қондырғысы жұмыс істеп тұр.

Каналдар арқылы арықпен жер үйлердің ауласына аяқсу барады. Ал қаладағы көпқабатты үйлердің аулаларында арнайы скважиналарымыз бар. Міне, осы тетіктер арқылы біз қала халқын толық аяқсумен қамтамасыз етеміз, – дейді қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Мақсат Жүсіп.

2-БЕТТЕ

ДЕНСАУЛЫҚ

КЕНЕДЕН КЕЛЕТІН ҚАУІП: САҚТАНҒАНДЫ САҚТАЙДЫ



Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы– аса қауіпті вирустық инфекция, алғаш рет 1944 жылы Қырымда тіркелген. Кейіннен аурудың қоздырғышы Конго аймағынан табылғандықтан, инфекция «Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы» атауын иеленді. Аурудың қоздырғышы – «Nairovirus» тұқымдасына жататын вирус, адамдарға негізінен кене шағуы арқылы, кейде вирус жұқтырған жануарлардан жұғады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) ресми деректеріне сүйенсек, ауру ошақтары Африкада, Балқан түбегінде, Таяу Шығыста, Азияда және Шығыс Еуропаның кейбір елдерінде жиі кездеседі. ДДҰ мәліметіне сай, соңғы онжылдықта аурудың таралу аумағы кеңейіп, көп кездеспеген елде тіркелуде.

3-БЕТТЕ

МӘСЕЛЕ

ТОҚТА, МОПЕД!

«Аталықтың» коллажы

Енді мопед айдағандар да заңға бағынады.

Ішкі істер министрлігінің дерегіне сүйенсек, 2024 жылдың 12 айында республика аумағында мопедтердің қатысуымен 1 819 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Соның салдарынан 76 адам қаза тауып, 1 945 адам жарақат алған. Ал биылғы жылдың алғашқы үш айында мопедтің кесірінен 103 жол апаты тіркеліп, 2 жасөспірім қаза тауып, 105 адам жарақат алған.

– Бұған дейін мопед жүргізушілері жол ережесін бұзғаны үшін ӘҚБтК-нің 615-бабы бойынша 2 АЕК көлемінде айыппұл төлесе, енді 5 сәуірден бастап олар механикалық көлік құралын жүргізетін тұлғалармен тең дәрежеде толық жауапкершілік арқалайды, – деді ІІМ өкілі.

2-БЕТТЕ

700 млрд теңге немесе шаруаны қолдау

Үкімет басшысы ауыл шаруашылығы саласын қолдау әрдайым басты назарда екенін атап айтты.

– Президент қолдауының арқасында ауыл шаруашылығына ерекше көңіл бөлінуде. Мемлекет басшысы атап өткендей, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі өзінің құндылығын ешқашан жоймайды. Біздің жағдайымызда жеңілдетілген қаржыландыру үшін 700 млрд теңге табу оңай емес, алайда біз мұны іске асырып жатырмыз және қолдаудың бұл түрін одан әрі арттыра береміз. Қазіргі қолданыстағы тетіктердің барлығы жалғасын табады. Нәтижесі де жоғары болып, біз бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығын құра аламыз деген сенім бар, – деді Олжас Бектенов.

Жүгі ауыр саланы қолдау жұмысы жүйелі. Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров шаруаларды қолдау жайын баяндады. Министрдің айтуынша, егіс науқанын жеңілдікпен қаржыландыру көлемі өткен жылы 580 млрд теңгеге дейін және несиелеуді мерзімінен бұрын іске қосу арқылы биыл рекордтық 700 млрд теңгеге дейін артты (бұрын қаржыландыру 140 млрд теңгеден аспаған). Алғаш рет көктемгі дала жұмыстарында қарыз сомасының 85%-на дейін кепілдендірудің арнайы бағдарламасы енгізілген. Сондай-ақ бір жыл ішінде қаржыландыру көлемін



80 млрд теңгеге ұлғайту арқылы 5%-бен 200 млрд теңгеге дейін жеткізу ауыл шаруашылығы техникасы лизингінің қолжетімділігі артқан, бұл ретте техниканың өзі – кепіл, ал жарна инвестициялық субсидия бола алады екен. Ал азық-түлік корпорациясына форвардтық сатып алуларға 30 млрд теңге, географияны кеңейту үшін экспорттық шығыстарды субсидиялауға 40 млрд теңге бөлінгені де атап айтылды. Сонымен қатар қайта өңдеу кәсіпорындарына айналым қаражатын толықтыру үшін несие беру өткен жылдан басталған жұмыстың бірі. Несиелеу көлемі 35 млрд теңгені құрайды. Биыл бұл мақсаттарға 48 млрд теңге бөлу міндеті тұр. Айналым мақсаттары үшін жеңілдікті несиелер қайта өңдеуді жүктеуге мүмкіндік береді.

«Малым – жанымның садағасы» дейтін қазақ атакәсіпті дамыту үшін қолдау қажет. Бұл орайда үкімет ауыл тұрғындарын жыл

Басы 1-бетте

бойы жұмыспен қамтамасыз ететін сала ретінде мал шаруашылығын дамытуға ерекше көңіл бөлуде. Сала министрі хабарлағандай, мал шаруашылығын дамыту мақсатында мал бордақылау алаңдарының жұмысын дамытуды қолдау, жеңілдікпен несие беру және селекциялық-асыл тұқымдық жұмысты субсидиялау қайта қаралмақ.

Шаруалар инвестициялар туралы келісім, инженерлік инфрақұрылым салу, сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді арзандатылған газбен қамтамасыз ету бойынша жеңілдетілген несие алушылар санатын кеңейту жөнінде ұсыныстар айтты. Сонымен қатар инвестициялық мақсаттарға тікелей жеңілдетілген несие беру, астық пен өсімдік майын терең өңдеу, ауыл шаруашылығын сақтандыру, ішкі нарықты қамтамасыз ету, экспортты дамыту, цифрландыру, реттеуші және салық саясаты, сондай-ақ ауылдық жерлерде баспана мәселесін шешу мәселесі талқыланды.

Үкімет басшысы агроөнеркәсіп кешенін экономиканың технологиялық және инновациялық секторына айналдыру жөніндегі стратегиялық мақсатқа назар аударды. Ол үшін әрбір ауыл шаруашылығы өндірушісі заманауи агротехнологияларды енгізуге, еңбек өнімділігін арттыруға, тиімділігі жоғары және экспортқа бағдарланған өнімдер түрін кеңейтуге ұмтылуы тиіс.

– Мемлекет аграрлық кәсіпорындарға жан-жақты қолдау көрсететін болады, олар өндіріс көлемін ұлғайтып қана қоймайды, сонымен қатар тұрақты әрі өзін-өзі қамтамасыз ететін ауылдық қоғамдастықтарды қалыптастыра отырып, ауылдағы тұрмыс сапасын арттыруға нақты үлес қосады. Бірлескен жұмыстың нәтижесі қазақстандықтарды өз өндірісіміздің сапалы әрі қолжетімді азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуде көрінуі тиіс. Қазақстан ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу саласында бәсекеге қабілетті ел ретінде танылуы керек, – деді премьер-министр.

Несібесін Жер-Анаға тер төгу арқылы тапқан шаруаға қолдау болса, еңсесі көтерілері сөзсіз. Ауыл шаруашылығы саласын қолдау арқылы ауыл тіршілігіне жан бітетіні белгілі.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Инфографика primeminister.kz сайтынан

ТОҚТА, МОПЕД!

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жол жүрісі туралы» заңға өзгерістер енгізу жөніндегі құжатқа қол қойғаннан бері жарты жыл өткен. Енді бұл түзетулер ресми түрде күшіне енді. Енді мопед жүргізушілері де көлік иелерімен бірдей жауапкершілікке тартылады.

2025 жылдың 5 сәуірінен бастап мопед иелеріне талаптар күшейді. Енді кез келген мопед жүргізушісі қатаң талаптарға сай болуы тиіс: Атап айтқанда, көлігі тіркелген, жүргізуші куәлігі, сақтандыру полисі болуы қажет. Техникалық байқаудан өтуі тиіс; қорғаныс дулығасы (шлем) болуы міндетті. Мопедтің техникалық жағдайы жарамды болуы керек.

Осындай қатаң талаптардан кейін мопедті мініп алып, желігіп жүрген жастарға тыйым болатыны анық. Егер талапқа бағынбаған жағдайда оларға қатаң жаза қолданылатын болады. Себебі енді мопед жүргізушілеріне қатысты қылмыстық жауапкершілік екі есеге күшейтілді. Қылмыстық кодекс өзгерістеріне сәйкес, енді мопед тізгіндеген азаматтар да өзге көлік жүргізушілерімен бірдей деңгейде жауапқа тартылады.

Атап айтқанда, қылмыстық кодекстің 345-бабына сәйкес, мопед жүргізушілері де мынадай жазаға тартылады. Егер жол апаты салдарынан орташа ауырлықтағы жарақат келсе – 40 тәулікке дейін қамауға алу, ауыр жарақат жағдайында – 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру, адам өліміне себеп болса – 5 жылға дейін, ал екі немесе одан көп адамның өмірін қиған жағдайда – 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Бұған дейін мопед «автомобиль» немесе «басқа механикалық көлік құралы» ретінде танылмағандықтан, бұл бап оларға қолданылмайтын. Енді қылмыстық кодекстің 3-бабының 8-тармағына енгізілген өзгерістер арқылы мопед те механикалық көліктер санатына енгізілді. Осылайша, мопед жүргізушілері де толыққанды құқықтық жауапкершілікке тартылатын болды.

Басы 1-бетте

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

78 жастағы студент

немесе «Болашақ» өзін ақтады ма?

2011 жылы шетелде бакалаврлық білім алу алынып тасталған еді. Мемлекет сұранысы бойынша маман дайындау сол уақытта басталды. Бұл заң жобасына биыл өзгеріс енгізілді. Енді халықаралық ғылыми конкурс жеңімпаздары ҰБТ тапсырмай елдегі оқу орындарына грантқа түсіп, «Болашақ» бағдарламасымен шетелде бакалавриатқа тапсыра алады. Заң жобасы дарынды жастардың шетелге кетпей туған еліне қызмет етуіне мүмкіндік береді. Депутат Асхат Аймағанбетов әлемдік деңгейдегі жарыстарда жеңіске жеткен оқушыларға шетел университеттері грант ұсынып, қазақстандық дарын иелері сол елдерде қалып қойып жатқанына алаңдаушылық білдірді.

Қазіргі таңда 3241 түлек шетелде білім алып, елге қызмет етуде. Бағдарлама шарттары бойынша олар 3-5 жыл көлемінде стипендияны еңбекпен өтеуі тиіс. Егер түлек еңбекпен өтеу талабын орындамаса мемлекеттік қаражатты қайтару міндеттеледі. Шетелде оқып келген жастарды жұмыспен қамту мақсатында жетекші жұмыс берушілермен серіктестік кеңейтіліп жатыр. Олар елге оралған соң Deloitte, McKinsey & Company, Wabtec Corporation, «Теңізшевройл», Ана мен баланы қорғау ұлттық ғылыми орталығы, Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты және тағы басқа 300-ден астам жұмыс берушімен тығыз байланыста жұмыс істеуге мүмкіндік қарастырылған. Стипендиант елге оралмаған жағдайда шығынды өтеу шарасы қолданылады. 2023 жылы 1,9 млрд теңге қаржы қайтарылса, 2024 жылы 1,6 млрд теңге бюджетке кері қайтарылған. Қазір ай сайын ел қазынасына 200 миллион теңге қайтарылып отырады екен.

Биылғы наурыз айында өткен ұлттық құрылтайда ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Болашақ» бағдарламасына қатысты бірқатар мәселені сынға алды. Ол өз сөзінде ғылым қалашығының қажет екенін атап өтіп, оларды Алматыда, Курчатовта салу ақылға қонатынын жеткізді.

– Үкімет те, ғалымдар мен салалық министрлік те нәтиже шығару қажет екенін түсінгені жөн. Біз ғалымдарды шетелде тағылымдамадан өткізу тәжірибесін енгіздік. Бірақ ғылымға мүлде қатысы жоқ ғалымдар шетел асты. Мен 78 жасында «Болашақ» бағдарламасымен оқуға барған кісіні білемін. 78 жаста қайдағы «Болашақ»? Көп істің соңы осындай түсініксіз жағдайларға ұласып кетеді, – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Басы 1-бетте

Болашақтықтар көбінесе Ұлыбритания, Ирландияның жоғары оқу орындарын таңдайды, олардың қатары 48,8 пайызға жетсе, АҚШ-пен Канаданы – 37,1 пайыз түлек таңдаған. Еуропа елдерін – 4,7 пайыз, ал тек 4,6 пайыз ғана Ресейде оқуды жөн көрген.

Қазақстандықтар арасында Ұлыбританияның жоғары оқу орындары танымал. Атап айтқанда Манчестер университеті, Лондонның Королдік колледжі, Лестер Университеті мен Абердин Университеті. Тұманды Альбионда білім алғандардың қатарында жерлесіміз Серікхан Жүзеев те бар. Ол Ұлыбританияның Рединг университетінде «500 ғалым» жобасы аясында білім алған. Екі түрлі әлемнің білім беру жүйесін көрген ол шетелдің білім жүйесін тым асыра дәріптеп, өзімізді тым төмен бағалап жататынымызды айтады. Бірақ бұл салада дәл, салмақты салыстыру жасау қажет екенін айтады.

– Ұлыбританияда білім беру жүйесі толығымен студентке бағытталған. Сен неге қызығасың? Қай тақырыпты зерттегің келеді? Қандай сұрағың бар? Жүйе – осы сауалдарға жауап іздеуге мүмкіндік береді. Сабақ үстінде студент өз ойын ашық айтады, оқытушымен пікірталасқа түседі, кейде тіпті қарсы уәж айтады. Ол елде сыни ойлау – басты құндылық. Ал бізде көбіне оқытушы не айтса, сол заң. Сабақта үнсіз тыңдайсың, неғұрлым көп жаттасаң, соғұрлым жоғары баға аласың. Студенттің өз көзқарасын білдіруі сирек. Мұның өзі еркін ойлау мен бастамашылдықты тежейді. Әрине, кейінгі жылдары бұл бағытта өзгеріс бар, бірақ өзгеріс баяу жүріп жатыр, – дейді ол.

Батыс елдерінде оқулықтар үнемі жаңарып тұрады. Ғылыми мақалалармен жұмыс – күнделікті талап. Студент өзі ізденіп, зерттеп, ой түйеді. Қазақстанда да соңғы жылдары университеттерге академиялық еркіндік берілді, өз бағдарламаларын жасауға мүмкіндік бар. Бірақ көп жерде практикада ескі әдіс-тәсілдер сақталған, теорияға басымдық беріліп, шынайы өмірмен байланыс әлсіз.

– Ұлыбританияда оқытушы серіктес ретінде бағыт көрсетеді, бірақ жауапты студент өзі іздейді. Бұл студентке сенім білдірудің белгісі. Бізде оқытушының сөзіне қарсы келу әдепсіздік саналады. Мұндай жағдайда студент ішкі еркіндігін жоғалтады. Ал еркін ойламаған адамның жаңалық ашуы неғайбыл, – деді Серікхан Жүзеев

Шетел университеттерінің инфрақұрылымы жақсы дамыған. Заманауи кітапханалар, халықаралық дерекқорлар, зертханалар. Ал біздегі көп оқу орны әлі күнге дейін ескі оқулықтар мен жеткіліксіз ресурстарға тәуелді. Дегенмен шетел университеттерінде де кемшіліктер жеткілікті. Оқу ақысының бағасы мен мамандықтардағы теория мен практика арасында алшақтық қиындық туғызады.

– Соңғы уақытта елімізде академиялық еркіндік, жаңа бағдарламалар, халықаралық әріптестік сияқты жақсы өзгерістер бар. Осы бағытты назарда ұстасақ 10-15 жылда біз де сапалы білім беретін елге айнала аламыз. Ол үшін жүйелік реформа, ең бастысы – оқытушылардың кәсіби дамуына инвестиция қажет. Өзгелерге қарап бой түзеп, студентке сене білу қажет, – дейді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы Серікхан Жүзеев.

Қазір жастардың сыртта оқымай-ақ, өз елімізде шетелдің білім тәжірбиесімен сусындау мүмкіндігі қарастырылып жатыр. Қазір Еуропа ұстаздарынан онлайн дәріс алуға болады. 2023 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде Жасанды интеллект институты ашылды. Бұл Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен бірлесіп жасалған. Жоба аясында студенттер «информатика», «киберқауіпсіздік», «компьютерлік бағдарламалау және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу», «ақпараттық жүйелер» бағыттары бойынша білім алады. СеулТех қызылордалық студенттерге «AI architect» пен «Data management» бойынша қос диплом бағдарламасын енгізген.

«Болашақ» бағдарламасы ең алдымен жастардың шет тілін үйренуге қызығушылығын оятты. Тәуелсіздік алған жылдан бастап он мыңдаған дарынды жас шетелдің тәжірибесін үйреніп, елге қызмет етуде. Сонымен қатар жоғары оқу орындарында да «Болашақпен» білім алған кешегі студент бүгінгі жасқа білім беріп жүр.

Думан КЕҢШІЛІК

АЯҚСУ КЕЛДІ

Жібек жолы каналы арқылы Н.Назарбаев даңғылы, Астана даңғылы мен Сырдария шағын ауданының 6 шақырымдық арық жүйелері су алуда. Ал Сыр ана монументі маңындағы сорғы арқылы Бейбарыс сұлтан көшесі мен «Береке» саяжайындағы 1,5 шақырымға жуық каналдар аяқсумен қамтылуда. Ал Сарқырама каналы мен орталық көшелердегі арық жүйелерін сумен қамту мақсатында Тәуелсіздік көшесі бойындағы су сорғыш қондырғысы жаңғыртылып, іске қосылды.

– Біз мына нәрсеге баса мән беруіміз керек. Бұған дейін 10-15 жылдан бері тазаланбаған арықтар мен каналдар бар. Жыл басынан бері сол су көздерін тазаладық. Қыс мезгілінде де қызметкерлеріміз бір тынбады. Соның нәтижесінде таза арықтардан аққан су көп жерге барады, әрі жолда кедергі болмайды, – дейді бөлім басшысы.

Жаяу жүргіншілер жолымен өтіп бара жатып, қала орталығындағы кейбір кәсіпкерлік нысандар мен жеке үйлердің қақпасының алдындағы арықты көзің шалады. Қоқыс толып, ондағы өткелге қойылған құбыр бітеліп жататын. Қазір мұндай жағдайды да сирек көресіз.

– Жеке жер үйлердің, кейбір кәсіпкерлік нысандарының алдында осындай жағдайлар болды. Біз оны қалпына келтіруге уақыт береміз. Сол уақытта өзінің қателігін түсініп жатса, қуаныштымыз. Ал кейде жағдайды түсінбей, бәріне қоғамды кінәлап жататындар болады. Ондайда белгіленген көлемдегі айыппұлын салып, мамандар жұмыс істейді, – дейді Мақсат Өмірбекұлы.

Арықтан аққан ағынсудың ағысы қатты екен. Қағаздан жасалған кемемді жөнелтіп жібергенмін. Шіркін, құдды бір теңіздің толқынымен жарысқан кемедей сырғып барады... Дәл осы қарқынмен ағаштарды шөлдетіп алмай, уақытылы суарсақ, жасыл қала атануымызға да сәл қалды...

Дәулет ҚЫРДАН,
Суретке түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

Басы 1-бетте

КЕНЕДЕН КЕЛЕТІН ҚАУІП: САҚТАНҒАНДЫ САҚТАЙДЫ

«Анталықтың» қолдауы

ӘЛЕМДІК СТАТИСТИКА: АУРУ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАУІПТІ?

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ресми сайтында жарияланған ақпараттарға сүйенсек, вирус жұқтырған адамдардың өлім-жітім көрсеткіші шамамен 10-40% аралығында. 2022 жылдың өзінде әлемде шамамен 500-ден астам жағдай тіркеліп, олардың шамамен 20%-ы өліммен аяқталған. Әсіресе Африка құрлығында орналасқан Уганда, Конго Демократиялық Республикасы және Азияның кейбір елдерінде (Иран, Пәкістан, Түркия) эпидемиологиялық ахуал жиі өршіп тұрады.

Калифорния университетінің (Беркли) Қоғамдық денсаулық сақтау мектебінің зерттеушілері бұл вирустың өлім қаупі жоғары екенін атап өтті.

– Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы – өлімге әкелетін кене арқылы жұғатын ауру, вирус жұқтырған адамдардың 40%-на дейінгісі қайтыс болады, – дейді университет мамандары.

Аурудың таралу аймағы кең, Африка, Таяу Шығыс, Азия және Оңтүстік пен Шығыс Еуропаның кейбір бөліктерін қамтиды. Аурулардың алдын алу және бақылау еуропалық орталығының (ECDC) деректеріне сүйенсек, ауруханаға жатқызылған науқастар арасында өлім-жітім көрсеткіші шамамен 30%-ды құрайды. Мұндай жоғары өлім-жітім көрсеткіштері бұл вирустың жаһандық денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселе екенін, алдын алу шараларының қажеттілігін айқындайды.

ЕЛ МЕН АЙМАҚТАҒЫ ЖАҒДАЙ: ҚАУІП ДЕҢГЕЙІ ҚАНДАЙ?

Қазақстанда Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының эпидемиологиялық жағдайы жіті бақылауда. Соңғы жылдардағы деректерге сүйенсек, 2021 жылы ел бойынша 19 жағдай тіркелсе, 2022 жылы бұл көрсеткіш екі есеге өсіп, 34 науқас анықталған. 2023 жылы жағдай одан да күрделеніп, 40 адам ауырған, оның 7-еуі қайтыс болды. Ал 2024 жылы індеттің таралуы бәсеңдеп, 24 жағдай тіркелді. Бұл – алдыңғы жылмен салыстырғанда айтарлықтай төмен көрсеткіш. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мамандары жаз маусымы аяқталғанға дейін кенелерге қарсы күрес жұмысы мен мониторинг жалғасатынын мәлімдеді. Сонымен бірге тұрғындардан жеке қауіпсіздік шараларын сақтап, табиғат аясында серуендеу кезінде барынша мұқият болуын ескертеді.

Облыстық жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының басшысы Марат Құрманбаев өңірдегі Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына қарсы залалсыздандыру жұмысы басталғанын айтады.

– 2025 жылдың эпидемиологиялық маусымына дайындық барысында кенелерден қауіп төнетін 111 елді мекен анықталды. Бұл аймақтар Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы бойынша қолайсыз деп танылды. 111 елді мекенде жалпы көлемі 3124 474 шаршы метрді құрайтын 35 255 қора, суат, шаңлақ және 622 016 бас малды залалсыздандыру жұмыстарына арнайы «Креолин-Х 5%» препараты қолданылатын болады. Бұл шараны жүзеге асыру үшін мемлекеттік сатып алу рәсімдері толықтай аяқталды, – дейді басқарма басшысы.

Сонымен қатар көктемгі залалсыздандыру жұмыстарының нақты кестесі бекітілгенін және барлық аудан-қалаларда жүзеге асатынын айтты.

МАМАНДАР НЕ ДЕЙДІ?

Әлемдік денсаулық сақтау саласының мамандарының пікірінше, вирустың таралуын тоқтатудың ең тиімді жолы – алдын алу шараларын мұқият орындау. ДДҰ сарапшыларының айтуынша, кене шағуынан қорғанудың ең тиімді жолы – далада, орман-тоғайда жүргенде міндетті түрде жабық киім кию, үй жануарларына ветеринариялық бақылауды күшейту маңызды.

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Гүлмира Сыздықова Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының клиникалық көріністері мен алдын алу шараларын айтты.

– Қырым-Конго геморрагиялық қызбасы – жедел таралатын, қауіпті вирустық аурулар қатарына жатады. Аурудың клиникалық ерекшелігі – дене қызуының кенет көтерілуі, жалпы әлсіздік және тромбогеморрагиялық синдроммен сипатталады. Бұл – маусымдық ауру, көбіне мамырдан тамызға дейінгі аралықта тіркеледі, – дейді Гүлмира Сыздықова.

Маманның айтуынша, науқастардың 80 пайызы – 20 мен 60 жас аралығындағы азаматтар. Аурудың негізгі тасымалдаушылары – түрлі кеміргіштер, үй және жабайы жануарлар, яғни ірі қара мал, жылқы, ит, мысық, ал негізгі жұқтырушы – кене. Ауыл шаруашылығымен айналысатын азаматтарда аурудың жиі кездесуі осыған байланысты. Вирус адам ағзасына кене шаққанда немесе теріде жаралар арқылы енгенде жұғады.

Маман аурудың клиникалық жағдайына тоқталып, атап өтті.

– Инкубациялық кезең 2 күннен 14 күнге дейін созылады. Кейбір науқастарда (шамамен 7-9%) геморрагиялық белгілер мүлде байқалмайды, сол себепті ауру жасырын түрде өтуі де ықтимал. Ауру жеңіл, орташа және ауыр түрде өтуі мүмкін. Ал геморрагиялық белгілер де осы деңгейлерге сай әртүрлі көрініс табады, – дейді ол.

АУРУ БЕЛГІЛЕРІ

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының қаупі бар аймақтарда тұрғындардың сақтық шараларын орындауы – індеттің таралуын алдын алудағы басты кепілдік. Адамдардың өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауы, сала мамандарының ұсыныстарын орындауы ауруды дер кезінде тоқтатуға мүмкіндік береді.

Облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Шарипа Әлиеваның айтуынша, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы – аса қауіпті, ауыр өтетін вирустық аурулардың бірі. Бұл індеттің ерекшелігі – жедел басталып, ағзаны әлсіретіп, қан кетумен қатар жүретін тромбогеморрагиялық синдромға әкелуі мүмкін.

– Аурудың алғашқы белгілері пайда болғанда науқастың дене қызуы 1-2 тәулікке төмендеп, кейін қайта көтеріледі. Аурудың қаншалықты ауыр өтетіні вирустың мөлшеріне, таралуына және ағзаға ену жолына байланысты, – дейді маман.

Оның айтуынша, геморрагиялық белгілер пайда болғаннан кейін адамның жалпы жағдайы күрт нашарлайды. Бет, ерін, мұрын, саусақтар көгеріп, теріден және ішкі ағзалардан қан кету байқалады. Бұл кезде науқастың өміріне қауіп төнеді, – деп ескертеді дәрігер.

Сондай-ақ вирус адамның ағзасына кене шағуынан бөлек, терідегі жаралар арқылы да енуі мүмкін. Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының клиникалық белгілері екі кезеңнен тұрады: алғашқысы – қызба, әлсіздік, бас, бұлшықет және бел ауыруы, екіншісі – қан кету, терідегі бөртпелер мен гематомалар.

– Ауру асқынып кеткен жағдайда инфекциялық-уытты шок, өкпенің қабынуы, тіпті өлім жағдайы да тіркелуі мүмкін. Аурудың алдын алу үшін әр адам жеке бас гигиенасына, киіміне және демалыс кезінде сақтыққа мән беруі тиіс, – дейді Шарипа Әлиева.

Маманның айтуынша, кене шағуынан қорғану үшін ең алдымен табиғат аясына шыққанда алдын ала өңделген, кенелер тіршілік етпейтін аумақтарды таңдаған дұрыс. Шөпке отыруға немесе жатуға болмайды, себебі бұл кенемен жанасу қаупін арттырады. Далаға шыққанда ашық түсті, денені толық жабатын киім киген жөн, ал шалбардың балағы етік ішіне салынуы тиіс. Сонымен қатар кенелерді үркітетін репеллент құралдарын пайдалану маңызды. Серуеннен кейін міндетті түрде денені толық тексеруі қажет. Егер кене табылса, оны қолмен жаншымай, дереу медициналық көмекке жүгінген абзал.

Дәрігер жұртшылықты кенеге қарсы залалсыздандыру шараларына бейжай қарамауға және әр адамды өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға шақырды. Уақытылы көрсетілген медициналық көмек пен дұрыс профилактика – бұл дерттің таралуына жол бермеудің басты кепілі.

С.ТЕМІРБОЛАТ

Басы 1-бетте

А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде 2 сәуір халықаралық балалар кітабы күні мен балалар ақыны Қадыр Мырзалиевтің туғанына 90 жыл толуына орай қала мектептері арасында «Бала жанын баураған» тақырыбында қалалық байқау өтті. Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты қалалық кітапханалар жүйесі ұйымдастырған байқауда бастауыш сынып оқушылары көркемсөз оқу мен сахналық қойылым көрсету бойынша жарысқа түсті.

КІТАП ОҚУДЫ НАСИХАТТАҒАН БАЙҚАУ

Дәстүрлі шарада қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлмира Рахметова сөз алды.

– Дана халқымыз «көп жасаған білмейді, көп оқыған біледі» деп ежелден кітаптың адам өміріне әсерін осы бір қарапайым сөзбен-ақ айтып кеткен. Өйткені кітап – тәрбие құралы.

Жыл сайын халықаралық балалар кітабы күніне орай қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ұйымдастыруымен «Ертегімен есейем» жобасы дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Байқаудың негізгі мақсаты – бүлдіршіндердің кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру. Бұл сайыс оқушылардың таным көкжиегін кеңейтетін маңызды қадам. Ең алғаш балалар кітапханасынан бастау алған іс-шара жыл өткен сайын кең көлемде өткізіліп, қалалық байқау деңгейіне көтерілді. Осы уақытқа дейін бұл байқауға балабақшаның бүлдіршіндері мен қаладағы 34 орта мектептің 1000-ға жуық оқушылары қатысты. Бүгінгі байқауда бақ сынайтын барлық бастауыш сынып оқушыларына сәттілік тілеймін. Сонымен қатар байқаудың бас демеушісі болып, кішкентай бүлдіршіндерге қуаныш сыйлаған «Қазақстан Халық партиясы» Қызылорда облыстық филиалына, «Компания Дәулет Азия» ЖШС басшысы Раиса Қартбаеваға кітапхана ұжымы атынан алғыс білдіреміз, – деді ол.

Байқауда қаладағы №173, 43, 253, 8 мектептің талантты оқушылары бақ сынады. Жарыстың I кезеңінде үміткерлер ақын Қадыр Мырзалиевтің өлеңдерін жатқа оқыса, II кезеңде ертегіден сахналық қойылым көрсетті.

Нәтижесінде бас жүлдені №173 мектеп оқушылары жеңіп алса, I орынды №253 мектеп, II орынды №43 мектеп иеленді. Ал III орынға №172, 8 мектеп оқушылары лайық деп танылды.

Г.ҚОЖАХМЕТОВА

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкес, ШЖҚ «Қызылорда су жүйесі» МКК «Тұтынушылар мен өзге де тұлғалар алдында 2024 жылдың қорытындылары бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептерді» кәсіпорын 2025 жылдың сәуір айының 29-шы жұлдызында, Желтоқсан көшесі №156, кәсіпорынның 2-қабатында сағат 11-00 өткізетінін хабарлаймыз.

ІЗДЕУ САЛАДЫ

Қызылорда қаласы, Кирпичный завод 4 үй 2 пәтер тұрғыны болған, 1958 жылдың 14 шілдеде туылған Богатов Олег Венедиктовичтің 1997 жылынан бастап хабар-ошарсыз кетуіне байланысты зайыбы Богатова Нина Александровна іздеу салады.

Қызылорда қалалық сотының 2025 жылдың 28 наурызындағы шешімімен хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 (үш) ай мерзім ішінде көрген-білген кісілер болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймын: 8-777-169-71-28.

Қала аумағындағы бірқатар көшелерде күрделі жөндеу жұмыстары басталды. «Қызылорда жолдары» серіктестігімен келісім-шарт жасалып, нәтижесінде 16 көшеге асфальт төселмек. Бүгінде алғашқы жөндеу жұмыстары басталып кеткен.

ЖОЛ ЖӨНДЕУ ІСІ ҚАРҚЫНДЫ

Осы күні Ақбастау-1, Ақбастау-2, Күдеріқожа Көшекұлы, Серімбетов және Арайшағын аудандарында қиыршық тас төсеу жұмыстары жүргізілуде. Тұрғындар үшін бұл – көптен күткен қуанышты жаңалық. Бұрын бұл көшелерде көлік жүрісі қиындап, әсіресе жауын-шашынды күндері қатты қиналатын.

– Бұл жер белуардан батпақ еді. Жаңбыр жауса, лайға айналып кететін. Қазір жағдай біршама жақсарды. «Қызылорда жолдары» мекемесіне де, облыс, қала әкімдеріне де алғысымыз шексіз. Бұрын бұл көшеге көлік те келмейтін, қазір келіп жатыр. Енді бір аптадан кейін асфальт төселеді деп естіп отырмыз, – дейді Ақбастау-1 көшесінің тұрғыны Шерхан Қуанышов.

Осы жерге қоныстанғанына 6 жыл болған Шерхан сол уақыттан бері батпақпен алысып келеді. Мұндай жағдай Роза Сәдібекованың да басынан өтуде. Ол жол мәселесі көп жылдан бері титықтатқанын айтады.

– Көшемізге жол салынып, қуанып жатырмыз. Біраз қиналдық, жолымыз өте нашар еді. Осы істі қолға алған басшыларға да алғысымыз шексіз. Ең бастысы сапалы болсын, ұзақ жылдарға жарасын, – деді ол ризашылығын білдіріп.

Қала әкімдігі тарапынан бұл жұмыстардың сапасына ерекше көңіл бөлінуде. Жөндеу жұмыстары аяқталған соң, тұрғындардың жайлылығы мен қауіпсіздігі үшін қосымша абаттандыру шаралары да қолға алынбақ.

Камилла САҒЫНДЫҚ
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дің
3-курс студенті

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТА МҮМКІНДІК КӨП

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

Жұмысшы мамандықтары жылы аясында биыл агроиндустриялық жобаларға қажет мамандар даярлау үшін мемлекеттік тапсырыс саны 5308 орынға дейін ұлғайды. Әрине, бұл өз кезегінде өндірістегі маман тапшылығын жоюға үлкен ықпал болары сөзсіз.

С.Ықсанов атындағы Қызылорда IT техникалық жоғары колледжі жұмысшы мамандықтар жылына тың бастамамен кіріскен. Биыл оқу орнына әрбір мамандыққа сай жаңа техникалар алдырылуда. Колледждің материалдық-техникалық базасы нығайтылып жатыр. Техник-механик, техник-слесарь, химиялық лаборант, дәнекерлеуші тәрізді мамандық даярлауда ұстаздар алдыңғы қатарда келеді. Шәкірттерінің өзі шыңға шығып, өз ісінің майталман мамандарына айналған.

– Мың рет естігеннен, бір рет көрген жақсы. Студенттеріміздің әрқайсысы өз мамандығы жайлы білсін, көзбен көрсін деп өңірдегі зауыттар мен фабрикаларға, мекемелерге апарып жүреміз. Тіпті өндірістік тәжірибеден өту дегеніңіз қазір біздің шәкірттеріміз үшін жұмысқа дейінгі сынақ тәрізді. Тыңғылықты дайындалып, өздерінің мамандыққа деген құрметі мен ықыласын танытып жүр, – дейді оқытушы Самат Мұқанов.

Ашығын айту керек, қазір күріш зауытының өзінде иығына қап салып, арқалап бара жатқан жұмысшыны көрмейсіз. Барлық жұмыс автоматтандырылған. Тетік арқылы басқарып отырған оператордың жұмысына байланысты. Ал көлікке жүк артуда тағы да арнайы техника көмекке келеді. Қазір оқу орны мұндай бағыттың әрбірін студенттерге тәптіштеп түсіндіріп, аралап көрсетіп жүр.

– Әрине, автоматтандырылған жүйеде жұмысшыға жағдай жасалған. Қазір біздің өзімізде арнаулы мекемедегідей жағдай бар. Іште сабақ барысында студентке түсіндіретін, қолмен ұстатып, көзбен көрсететін құрылғылар жетерлік. Мысалы, бір ғана дәнекерлеуші мамандығын алсақ, металды кесіп, тесіп, дайындап, тіпті ою да сала алатын деңгейдегі дәнекерлеу аппараттары қолданыста. Қазір әрбір мамандықтың арнаулы кабинеті жасақталған, студент толыққанды маман болып шығады, – дейді Самат Күзембайұлы.

Абай Бекмырзаұлы бұрын қаладағы кәсіптік лицейлердің бірінде білім алған. Десе де ол мамандықпен жұмыс істемейді. Ол қазір де дәнекерлеуші мамандығы бойынша еңбек етіп жүр.

– Рас, өмірден өз жолымды табамын деп бірнеше мамандықты ойладым. Алдымен құрылысшы мамандығы бойынша білім алдым. Бірақ дәнекерлеу ісіне қызығушылығым ауды. Кейін қайтадан құжат тапсырып, дәнекерлеу ісі бойынша білім алдым. Қазір отбасымның нәпақасын осы саладан тауып жүрмін. Қызығушылығың болса, бәрі де қолдан келеді. Ал қазіргі таңда сол біз оқыған оқу орындарында жасалып жатқан жағдайды көргенде қайтадан оқығың келеді. Біз жұмыс барысында қолға ұстап көрмеген құрал-жабдықтар бүгінгі студенттің алдында тұр. Олар қандай бақытты, – дейді ол.

Жұмысшы мамандықтардың қоғам үшін маңызы зор. Көптің қолынан келмейтін іс осы кісілердің құрыш қолымен бітіп жатыр. Зәулім ғимараттардың қасбетінен бастап, ішкі жабдықтарына дейін сіз осы кісілердің көмегімен қол жеткізесіз.

Аян СПАНДИЯР

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ – 180

ОН БЕСІНШІ ҚАРА СӨЗ

Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім.

Әуелі – пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды, сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалып.

Сонда есті адам, орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен-дағы, күнінде айтса құлақ, ойласа көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өткен өмірдің өкініші де жоқ болады екен.

Есер кісі орнын таппай, не болса сол, бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады екен-дағы, күнінде өкінгені пайда болмайды екен. Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісімсіп, жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп жүріп бірер қызықты қуғанда-ақ мойны қатып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады екен.

Үшінші – әрбір нәрсеге қызықпақтық. Ол өзі бойға құмарлық пайда қылатын нәрсе екен. Әрбір құмарлық өзіне бір дерт болады екен, әртүрлі құмар болған нәрсеге жеткенде, яки әне-міне, жетер-жетпес болып жүргенде, бір түрлі мастық пайда болады екен.

Әрбір мастық бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, төңіректегі қараушылардың көзін ашып, «ананы-мынаны» дегізіп, бойды сынататұғын нәрсе екен. Сол уақытта есті кісілер үлкен есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді екен.

Есер кісілер ер-тоқымын тастап, бөркі түсіп қалып, етегі атының к...н жауып кетіп, екі көзі аспанда, жынды кісіше шаба беруді біледі екен, соны көрдім.

Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің?

Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?

Аядай дүңгіршіктің темір еденін тағалы өкшелерімен сартылдата соғып ішке самбырлап сөйлей кірген үш қатын бұның тіл ұшына кеп қалған сөзін айтуға да үлгіртпей, киіп ала жөнелгені. Іші күйіп, тысқа атып шыққаны содан.

Тыста аяғын аяғына соққылаған кемпірі лық толы сөмкесінен алысқа ұзап кете алмай, айналшықтап жүр екен. Екі қолын екі жеңіне айқастыра сұғып жіберіпті, тоңған, сірә.

– Не болды? Түрің бұзылып кетіпті ғой, – деді аялдама іргесіндегі дүңгіршіктен дедектеп, жүгіре шыққан оған күдіктене қарап. – Ілінісіп қалғаннан саусың ба тағы?

Жасы жетпіске шамаласқан қырма сақал кісі күйгелектеніп, кемпірінің жанына жетіп келді.

– Ө-өш... ше... ше...

– Тәйт, айтпа жаман сөзді. – Кемпірі бетін қайтарып, кейіп тастады. – Жаурап кеттім. Жүрің, такси ұстайық.

Басына тоқыма берет, үстіне қоңыр пәлте киіп домалана қалған кемпірі аялдамадан шыға сала, қолын сермеп, такси тоқтатты. Кең көшеде иін тіресіп жылжып бара жатқан көп көліктің шеткі біреуі жырылып, бері бұрылды.

– Әуезов-Сәтбаев, – деді кемпірінен бұрын жеткен қырма сақал сырма шапанының етегін қайырып, ақша іздегендей ішкі қалтасына қолып сұғып жатып.

– Мың теңге!

– Не дейт!? – Қалтасына сұққан қолын тез суырып алды. – Сідік шаптырым жерге де ме?

– Мың теңге, – деді таксиші жігіт айтқанынан қайтпай.

– Қанша дейді? – деп кемпірі килікті.

– Мың деп тұр!

– Мейлі. Мың болса, мың болсын. Тезірек кетейік бұл арадан.

– Ө-өш... ше... ше... құрып қап па такси, басқасын тоқтатың.

Келісе алмасын сезген таксиші әйнегін көтеріп, жылжуға айналды.

Аялдамадан аулағыраққа көлігін қаңтарып қойған басқа бір таксиші бұларға алқынып жетті.

– Такси, такси аламыз!

– Әуезов-Сәтбаев.

– Ауэзова-Сатбаева ма?

– Жоқ! Әуезоп-Сәтбайоп деп тұрмын мен саған.

– Мың теңге.

– Мыңда басың қалсын! Без жүз деп айт.

– Мейлі, болса, болсын. Отырыңыздар.

– Астапыралла, – деді қырма сақал көлік жүріп кеткен соң. – Не көрінді сендерге, мыңнан басқа санды ұмытып қалғансыңдар ма? А-а!

– Бензин қымбаттап кетті, аға, – деді таксиші ақталып. – Оның үстіне көп жерде ақшаға бензин бермей жатыр, талон сұрайды.

– Әдейі қат қып отыр оңбағандар. Күмпіп шығып жатқан жоқ па мұнай деген. Кеше бар бензинді бүгін жер жұтып па? Қымбаттата түспек қой, кәззаптар, жебірлер, жәлептер! Ө-өш... ше... ше...

– Қой әрі! Жаңағы дүкеннен ашыған айрандай шапшып шықтың ғой, түге. Базарда да тыныш жүре алмайсың. «Бадынақ деп неге жазбайсың? Неге пөпкөрім деп жазасың?» деп жүгері сатқан қызға тиісіп... базар ішін у-шу қылдың. Ұят емес пе? Сабаңа түс.

Артта отырған кемпірі басу айтты.

– Қалай түсесің сабаңа? Қалай? – деп екі қолын бірдей сермеп, екіленіп шапшаңдата сөйледі қырма сақал. Аузынан түкірігі шашырап кетті. – Қазақтың баяғыдан бар әдемі сөзі тұрғанда, қайдағы бір пөпкөрім деген шетелдің сөзіне жабысып... Жарайды оны қоялық, анау көзі тұздай мәгәзінші қатынды айтсай, беріп тұрған ақшаны алмай. «Возми себе свои медяки» деп бір теңгеліктерімді кері лақтырып. Ә-ә, зәнталақ! Медяк болса да ақша емес пе ол? Тәуелсіз мемлекетіміздің ақшасы. Ұлтты менсінбеу ғой барып тұрған. Керек десең, арнайы бап бар бұған. Әкімшілік көдекісте. Көзі көкшірейген пәлекет! Күн жылынсын, сосын көрейін әуелесін. Бір уыс бір теңгелік әкеп... соны алмаса полисаға арыз жазып, көзіне көк шыбын үймелетейін. Ну, пәғәди, бәлем!

Қырма сақал сұқ саусағын безеп, қалшылдап кетті.

– «Ну, погоди» деген мульфильм бар ғой, – деп таксиші мырс-мырс етіп сөзге араласты. – Қоян мен қасқыр туралы. Қашқан қоянды қуалайтын ақымақ қасқыр туралы ше...

Қырма сақал астынан шапшып су шыққандай қопаң етіп, орнынан түрегеп кете жаздап, таксишіге төніп барып қайтты.

– Әй, не деп тұрсың өзің!? Қасқыр – біздің тотеміміз! Мына мен тарихшы адаммын, білмесең айтайын, біздің тотеміміз көк бөрі. Оңбағандар... он шошқаға тоймағандар... сонда ойлағандары біздің қасиетті тотемімізді қасақана сайқымазақ қып, қасақана мазақ қып, келеке ғып... әй, әй, ұлтты бөрілік мінезден айыру ғой ол! Ақыры жетті мақсаттарына. Балдардың санасына қасқырды ақымақ, даңғой етіп сіңіріп тынды. Біздің бастықсымақтар... әй, құл ғой олар, құл... сол «Ну, пәғәдиден» ұялып, қымсынып, екі мың отызда көк бөрі боламыз деудің орнына, екі мың отызда барыс боламыз дегенді шығарыпты аузы қисаңдап. Мә, саған барыс! Қалай бұған ашуланбайсың! Қалай бұған жынданбайсың! Ө-өш... ше... ше...

Ашуға жайдақ мінген оның желкесінен кемпірі сұқ саусағын батыра нұқып қалып, тыныштандыра қойды.

– Қарағым-ай, мән берме шалдың сөзіне. Өзінше пәтірөт бұл. Өмір бойы алысып келем. Орыс десе құтырған бурадай жыны ұстап кетет. Анау он жетінші жылдан бері қарай қақсап бастағанда.... ішіп отқан шәйіңді тастап қашасың... Тарих пакүлтетінде бекер оқыған ғой. Ашуланса кіл осылай, шымкентшілей жөнеледі. Ауру ғой.

Кемпірінің сөзіне ырза болғаны ма, бір езулеп кеңкілдеп күліп қойды да:

– Иә, айып етпе қарағым, – деді жаңағы өрекпіген екпінінен ілезде айырылып. – Кемпірім қайта беріден қайырып отыр. Он жетінші жылын не, патша өкіметі бір мың да сегіз жүз алпыс алтыншы жылдан бастап жалаңаяқ, жалаңбұт батырақтарын біздің жерге қаптатқан ғой. «Қарсы келсе, сөзге келмей ат та таста, сот жоқ» деп қот-қоттап қойған. Онысын кейін Столыпин дегені өршітіп жіберіпті. Содан қалған сілімтіктер... тәуелсіздік алғанымызға пәлен жыл болса да бізді менсінбей, адам қатарына санамай, шетқақпай қыла береді. Ал қазақ бейшара қайтті? Басын қорғалап, ел асып кетті. Мысалы, біздің аталарымыз Қарақалпақ кеткен. Жолда өлгені өлген, қырылғаны қырылған. Ат төбеліндей азғантай топ жеткен, ілініп-салынып, арып-ашып. Содан тараған ұрпақпыз біз. Күйем ғой, күйген соң айтам ғой. Әй, бұлар ма, бұлар...

Ол жуық арада сабасына түсе алмай, шеке тамыры солқылдап, аударылып-төңкеріліп машина ішіне сыймай кетті.

Кең көшеде сығылысқан көліктер бір-біріне тақала баяу жылжып бара жатты. Сыртта аяз. Кеше жауған қардың аязы. Анадайдан сұқ саусағын шошайтып, такси тоқтатқан жалаңбас келіншек көрінді. Жанында он-он бір жасар шамасындағы кішкентай қыз бала бүрісіп тұр. Көліктер жанына жанап барып, тоқтамай өтіп кеткен сайын, колготки киген сирағын тоңған тауықтай сидитып бір көтеріп қояды.

– Мыналарды ала кетейік, аға, – деді таксиші елеңдеп.

– Алсаң ал. Байғұстар дірдектеп әрең тұр екен, – деп бойы жылынған қырма сақал кеңшілік жасады. – Кемпір екеуміздің ала алмаған бес жүз теңгені осылардан ал.

Жалаңбас келіншек қаңтардың бір құшақ аязын өздерімен бірге ілестіріп ішке енді. Ысырылып отырған кемпірдің жанына жайғасып жатыр. Айтса айтқандай, жаурап қалған. Келіншектің бауырына тығыла түскен тырнақтай қыздың екі беті боп-боз.

Қырма сақал оларға жүзін бұрып, әлдене дегісі келді ме, оқтала бере, райынан тез қайтып, түзеліп отырды. «Тоңатын да дәнемесі қалмаған, сірә» деп күбір етті.

Такси сәлден соң оңға бұрылып, қосалқы тар жолға түсті. Көліктен ада көшемен жұлқына зымырап біраз жер ұтты.

– Анашым, жаурап кеттім, қолымды ұстаңызшы, – деген кішкентай қыздың нәзік дауысы естілді арт жақтан.

Қырма сақалдың құлағы елең етіп, күліп жіберді.

– Анашым дей ме, мына балапан? А-а? Қайдан үйреніп жүр, анашым дегенді? – Кішкентай қызға жүзінен мейірім төге, сүйсіне қарады. – Әжесі, кәмпит берші. Тілінің тәттісін қара. Тіпә-тіпә, тіл-аузым тасқа. Анашым дейді-ә! Анашым!

– Әкесі ғой үйретіп жүрген. Әкесі мұғалім мектепте. – Келіншектің мінезі ашық сияқты, жатырқамай іле жауап қатты. – Дұрыс қой онысы, – деп күйеуін сыртынан қоштап қоюды да ұмытпады. – Мама, папа деген орыстың сөзін тастауымыз керек қой.

Күлімсіреп отырған қырма сақал мына сөзді естігенде езуіндегі жымиысты жылдам жия салып:

– Қарағым, айналып кетейін, кім айтты саған маманы орыс сөзі деп. Мама деген орыс сөзі емес. Мама деген түркінің сөзі. Түркіден тараған жер жүзіне – деді тебірене сөйлеп.

– Түркті қойыңызшы, – деп кіржиді келіншек, – бір тюрчанка көршім бар. Сұғанақ. Ұры. Күйеуі де түрік. Әйелінен өткен. Түріктерді жақтырмаймын өз басым.

– Не дейді, мына қарағым! – Қырма сақал жекпе-жек төбелеске дайындалған адамша бар денесімен еңсеріле бұрылып, шүйіліге қалды. – Біле білсең, айналайын қарағым, түрік деген қазақтың бауыры. Ойбай-ау, Қазақстан тәуелсіздік алғанда бірінші боп солар емес пе алақайлап қуанған. Солар бірінші мойындаған біздің тәуелсіздікті. Олай дей көрме түркті. Бар шығар бірлі-жарым жаманы. Әйтпесе... мен саған тарихшы ретінде айтайын, бір мың да жеті жүз...

Қырма сақал ұзақ бір тарихи хикаяны толғап жібермек боп, әңгімесін бастай бергенде, жалаңбас келіншек таксиді тоқтатып, ақшасын төлеп, түсіп қалды. Хикая басталмай жатып үзілді.

– Қап, – деп күйінді қырма сақал жұдырығымен тізесін түйгіштеп.

– Басталды. Мың рет айтқан әңгімесі. – Кемпірі кекете күліп жіберді.

– Мың рет, миллион рет айтам бұны. Қашан саналарына жеткенше айта берем, айта берем. – Шала бүлінген қырма сақал қоян құлақшынын басынан жұлып алып, жұмырлап-жұмырлап қайтадан басып киіп алды. – Миы ашыған қазақ мама деген әйбат сөзді орыстікі деп ылағып, адасып жүр. Орыстың сөзін айтпай, өз сөзімізді айтқанымыз, жүдә, дұрыс. Ау, айналып кетейін мама деген сөзді атам қазақ ежелден айтып келе жатыр ғой. Әй, інішек, тоқташы осы араға. Тоқташы деймін. Бес жүздің үстіне тағы бір бес жүз қосайын. Мың қылайын. Тоқтай гөрші.

Көлігін жол жиегіне іріккен таксиші аң-таң.

– Ал енді тыңда. – Қырма сақалдың жүзі күп-күрең боп қызынып алған. – Сен, інішек... балам, өміріңде мама бие, мама қаз дегенді естіп пе ең?

– Естігем. Мама ағаш деген де бар.

– Әнекей, айналайын-ау, сен өзі айтқан сөзді түсінейін деп тұрған адамсың ғой. Естіп отсың ба, кемпірім-ау, мама ағашты біліп тұр мына бала.

Қырма сақал масаттанып, сақ-сақ күлді.

– Ал енді былай...

– Аға, жүре берсек қайтеді. Тұруға болмайды бұ жерге.

– Жүрсең, жүрің. Ал енді былай. Есіңе мықтап сақтап алың. Мама орыс сөзі емес. Түркінің сөзі. Айтайын. Жолға түсіп алың әуелі. Жайлап, асықпай жүре берің. Пәлен ғасыр бұрын, нақты қай ғасыр екені блакнотымда жазулы, Шумер деген ел болған. Қазіргі Ирак жерін мекен еткен. Тигр, Евфрат деген екі өзеннің арасында. Озық мәдениеті болған оның. Өзінің жазуы, өзінің озық ғылымы болған. Сол Шумердің көк түрікке тікелей қатысы бар. Ама деген сөзі болған Шумердің. Мағынасы – ана, шеше. Шумердің баласы өзін туған әйелді ама деген. Қазіргі қазақ та шешесін ана дейді ғой. Әй, әй, оған талас жоқ. Ғылымда дәлелденген.

– Иә, иә, – деп осы арада таксиші қоштай кетті. – Менің негізі оқығаным – қазақ тілі мен әдебиеті. Мұғалімдік. Қазақ тілінде «мы» деген дыбыс «ны»-ға айналып кете береді. Сонда ама деген сөздегі «мы» «ны»-ға өзгеріп, ана боп кеткен дейсіз ғой.

– Міне, міне... Қазір үйге барған соң кетпеші айналайын, шай ішіп отырып әңгімелесейік екеуміз. Мәселені біліп тұрсың. Жетік екенсің. – Қырма сақал қуанғаны ма, қылғына сөйледі. Екі беті қып-қызыл боп кетті. – Сол ама жер жүзіне Шумерден тараған. Біреуге мама боп барған, енді біреуіне дама боп енген. Мадам деп жүргендер де бар. Орыстағы «яма» да осы «ама» болмаса маған кел. Көп. Мысал көп. Тарихта Амазонка деген жауынгер әйел тайпасы болған деп жүр ғой. Сол анау ама сөзімен тікелей байланысты. Амазонка деген өзенді білетін шығарсың, Оңтүстік Америкадағы. Оны жергілікті халық Амазонас дейді. «Ка»-ны қосып жүрген орыстар. Амазонас деп үндістер атап кеткен. Үндіс дегеніміз де осы өзіміздің жерден, Алтайдан ауып барғандар. Адам заманынан әлденеше мың жыл бұрын. Олар да өзінің құдасын құда дейді, өкшесін өкше дейді. Ама сөзін Америкаға солар алып барған. Ал енді әлгі Амазонас аманың, яғни ананың өзені деген сөз. Ама өзен. Енисей деген де өзен бар ғой. Қырғыздар оны Ене сай дейді. Дұрысы Енесу. Ене дегенің де сол – ама. Енесудан босып барып, Америкаға жеткенде сонда көрген суды өздері білетін өзен атымен атаған, Ама өзен деп. Ама сөзінің соңғы а-сы өзеннің ө-сін жеп қойған. Екі сөз қосылып, одан әрі тілдің үндестік заңына бағынады. «Зен»-ің «зон» болады. Көрдің бе, қисыны келіп тұр ғой. Солай ма? Сондықтан да ама басқаларға қарағанда бізге, қазаққа ең жақын сөз. Дәлелім бар оған. Айтсам, тырп ете алмайсың.

МАМА
әңгіме

– Қой деймін енді, баланың миын атала қылма. – Манадан тып-тыныш монтиып отырған кемпір орта жолда асығыс киліге кетті. – Мәшін айдап келе жатқан адамға мешайт етпе. Бір жағына тайып кетер.

– Айта беріңіз, аға. Әңгіме енді қызды, – деп таксиші оны желпіндіріп тастады. Қырма сақалдың сермеп қалған қолы қоян құлақшынын теріс айналдырып жіберді. Сырма шапанының өңір түймесін бір ағытып, бір салды. Ырза болғаны шығар, ырс-ырс күле береді.

– Өмірі естімеген әңгімем, – деген таксиші жігіт басын шайқап, таңғалып қалды. – Қызық! Тамаша!

– Қайдан естисің? Мен ашқан жаңалық бұл, еш оқулықта жоқ. Кәрі тарихшының, Қарақалпақстаннан көшіп келген оралман тарихшының ашқан жаңалығы. Докторлық қорғап жіберсе де жарап тұр.

– Шынында неге қорғамайсыз?

– Жасым жетпіске келгенде ме? Мен емес, мына сен қорға. Таксиді таста. Қорға, жассың ғой.

– Докторлықтың да дәмі кетті-ау, ағасы.

– Құртты ғой, ғылымды құртты! Ө-өш... ше...ше...

– Міне, келдік, Сатбаева... а-а, Сәтбайоп, өзіңіз айтқандай.

– Кеп қалдық па? Сәтбайоп па?– Көзін сығырайтып төңірегіне барлай қарады. – Е-е, келіппіз, осы ара. Осы ара, айналайын. Тоқтай қал. Қап, қалай тез кеп қалдық, ә! Папаны айтуға үлгіртпей...

Такси жолдың оң жағына ойысып барып кідірді.

Жерге әуелі оң аяғын түсіріп, «әуп» деп сосын өзі секірді. Қайта айналып мәшине ішіне басын сұқты.

– Өзің саңлауы бар бала екенсің. Уәде, уәде! Мың теңгеңді беріп қояйын. – Құнжыңдап қойынына қол салды.

– Аға, оқып-түйгеніңіз көп қазыналы қария екенсіз, – деді таксиші толқып, – соңғы кезде жолым болмай жүр. Маған ақша емес... бата беріңізші.

– А-а, бата!? – Қырма сақал қойнына салған қолын бір алып, бір сұқты. – Бата дейсің бе? Айналайын, қарағым-ау, кел онда. Ежелгі түркілер бата демеген оны, алғыс деген, тілек деген. – Иіліп тұрған күйі қолын жайды. Жаюын жайса да, батаны қалай бастасам екен дегендей, кемпірі жаққа қарағыштап:

– Ө-өш... – деді. Кідіріңкіреп барып тілі кенет шешіліп кетті. – Шөбере-шөпшегіңнің рақатын көр, қарағым, аумин! – Қысқа қайырып, жалма жан бетін сипап жіберді.

Таксиші жігіт батаға қанбай қалғандай алақанын жайған күйі бөгеле беріп:

– Табысты бол деңізші, – деді жалбарына қарап.

– Табысты бол, табысты бол, өй, айналып кетейін... ө-өш... ше... шаш етектен табыс тап, әумин!

– Айтқаныңыз келсін! Әумин! – деді таксиші жігіт сонда ғана бетін сипап.

Есік сырт жабылды.

– Алжиын деген шығарсың сен шал, – деді кемпірі былай шыға бере. – Ашуланғанда айтатын сөзің аузыңнан шығып кете жаздады ғой. Абайламайсың ба?

– Әй, кемпірім-ай, – деді қырма сақал кеңкілдеп күліп бара жатып, – білмей жүр екем, ашуланған мен ырза болған бірдей екен ғой.

Нұрлыбек САМАТҰЛЫ

Меншік иесі:
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4391 Тапсырыс №556

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА